дұрыс қызмет ететініне кепілдік береміз**

Пайдаланар алдында құралды дұрыс және қауіпсіз пайдалану жөніндегі маңызды ақпараттары бар нұсқаулықпен мұқият танысуыңызды сұраймыз. Бұл нұсқаулықты сақтап қойғаныңыз жөн. Құралды тікелей арналымы бойынша қолданбаған жағдайда және осы нұсқаулықта көрсетілген қағидалар мен шарттарды сақтамаған кезде, сондай-ақ құралды біліктіліксіз жөндеуге тырысқан кезде, шығарушы жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Егер құралды басқа адамның пайдалануына бергіңіз келсе, оны осы нұсқаулықпен бірге табыстауыңызды сұраймыз.

**Тоңазытқыш тұрмыстық құрал болып табылады және өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалануға арналмаған!**

### 1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіз сатып алған құрал Ресей Федерациясында электр құралдарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді Қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құралдың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін құралды пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, қауіпсіздік жөніндегі келесі нұсқауларды ұстаныңыз Әрі қарай пайдалану үшін осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз.

## ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Осы қауіпсіздік шараларын сақтамау жазатайым жағдайларға алып келуі мүмкін.

### ЕСКЕРТУ!

1. 220-240 В айнымалы ток, 50 Гц қуат беру көзін ғана пайдаланыңыз.
2. Қосу кезінде жалғастырғыштар мен ұзартқыштарды пайдаланбағаныңыз жөн.
3. Тоңазытқышта тез тұтанатын материалдарды (бензин, желім, эфир және т.б.) сақтамаңыз.
4. Тоңазытқышқа су төгіп алмаңыз, бұл сіз үшін қауіпті болуы немесе тоңазытқыш сынып қалуы мүмкін.
5. Егер сіз құралды пайдалану кезінде ерекше шуыл, иіс немесе түтін немесе құралға тән емес басқа да белгілерін байқасаңыз, қуат көзінен ажыратып, сервистік қызмет өкілдеріне хабарласыңыз.
6. Қуат беру кабелін бүлінуден сақтаңыз:
  - Қуат беру кабелін ауыстыруға тыйым салынады
  - Қуат беру кабелінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
  - Қуат беру кабелін жылу көздерінен аулақта ұстаңыз.
  - Құралды желіден ажыратқан кезде бауынан емес, ашасынан ұстап суырыңыз.
7. Тоңазытқыш үй-жайдың ішінде пайдалану үшін әзірленген. Тоңазытқышты ешбір жағдайда сыртта пайдаланбаңыз.
8. Тоңазытқыш осы нұсқаулыққа сәйкес тамақ өнімдерін сақтау үшін үй жағдайында пайдаланылуы тиіс.
9. Балаларға құралды қараусыз пайдалануға рұқсат бермеңіз.
10. Тоңазытқыштың салмағы өте үлкен, тасымалдау үшін кемінде екі адам қажет.
11. Тоңазытқышты дымқыл қолмен ұстамаңыз.
12. Тұтанбас үшін немесе құрал бүлінбес үшін ұзартқыштарды, үштіктер мен жалғастырғыштарды пайдаланбаңыз. Өндіруші жалғастырғыштар мен ұзартқыштарды, сондай-ақ қимасы тұтынылатын қуатқа сәйкес келмейтін жалғағыш кабельдің қолданылуына байланысты туындаған тұтану үшін жауапты болмайды. Тоңазытқышты орнату кезінде тоңазытқыштың артқы жағындағы арнайы тақтайшада көрсетілген желі сипаттамаларын мен электр параметрлерінің сәйкестігін тексеру қажет. Ашаны розеткадан сымнан тартып суырмаңыз: бұл өте қауіпті. Құралды желілік ашаға жақын қоймаңыз. Қуат беру бауы зақымдалған жағдайда, оны авторизацияланған сервис орталығы ұсынатын баумен немесе жиынтықпен ауыстыру керек. Кабельді ауыстыруды тек білікті персонал жүргізуі тиіс. Құралды жарамды қорғау құрылғысы (автоматты ажыратқыштар, балқитын сақтандырығыштар және т.б.) бар электр желісіне қосыңыз.
13. Тоңазытқыштың ішкі салқындатқыш жақтауларын ұстамаңыз.
14. Тазалау немесе қызмет көрсету үшін кез-келген операцияларды орындамас бұрын тоңазытқышты желіден ажыратыңыз. Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін термореттегіш тұтқасын «ӨШІРУ» қалпына келтіру жеткіліксіз.
15. Тоңазытқыш конструкциясын өзгертуге және өндіруші кепілді жөндеуге өкілеттік бермеген тұлғалардың араласуына тыйым салынады.
16. Егер өндіруші мұны ұсынбаған болса, тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлім ішінде электр құралдарын пайдаланбаңыз.
17. Тоңазытқыштың ішінде жанғыш газдарды немесе сұйықтықтарды сақтамаңыз.

18. Мұздатқыш камерада шыны шөлмектер мен ішіне сұйықтық құйылған құтыларды сақтамаңыз.

## ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҰСЫНБАЛАР

- Электр қуатын берудің бір тізбегіне тым көп құралдар жалғамңыз, өйткені тұтануы мүмкін.
- Егер сіз құралды ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, оның желілік ашасын розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Төмен температуралы бөлімдердің ішкі қабырғаларын немесе онда жатқан өнімдерді дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Төмен температуралы бөлімге шөлмектер немесе өзге шыны ыдыстарды қоймаңыз.

### ЕСКЕРТУ!


- Тоңазытқышта салқындату салқындатқыш агенттің көмегімен қамтамасыз етіледі, ол тоңазытқышқа арнайы жабдықпен құйылады. Тоңазытқыштың артқы жақтауындағы салқындатқыш агенттің циркуляциялық тұрбаларын зақымдамаңыз.
  - Бұл бұйымда аз мөлшердегі табиғи газ - изобутаннан тұратын салқындатқыш агент бар, ол қоршаған орта үшін зиянды емес, алайда тұтанғыш болып табылады. Тоңазытқышты тасымалдау және орнату кезінде салқындатқыш агенттің айналу контурының қандай да бір бөлігін зақымдап алмау үшін, абай болу қажет.
  - Тұрбадан шыққан салқындатқыш агент тұтануы немесе денсаулығыңызға нұқсан келтіруі мүмкін. Егер салқындатқыш агент контуры бүлінген болса, кезкелген түрдегі ашық от немесе ықтимал тұтану көздеріне сақ болыңыз, сонымен бірге тоңазытқыш тұрған бөлмені бірнеше минуттай желдетіп алыңыз.
  - Салқындатқыш агент төгілген жағдайда газ бен ауаның жарылыс қаупі бар қоспасы түзілмес үшін, тоңазытқыш тұрған бөлменің өлшемдері тоңазытқышта пайдаланылатын салқындатқыш агенттің мөлшеріне сәйкес келуі қажет.
  - Бөлме көлемі тоңазытқыштағы R600a салқындатқыш агентінің әр 8 грамына 1м3 құрауы тиіс. Сіздің тоңазытқышыңыздағы салқындатқыш агенттің мөлшері тоңазытқыштың артқы жақтауындағы паспорттық деректері бар тақтайшада көрсетілген.
  - Бүліну белгілері байқалған құралды ешқашан қоспаңыз.
- Егер құралдың жарамдылығына күмәніңіз туындаса, сервистік қызметке жүгініңіз.

## 2. ЖЕТКІЗУ ЖИЫНТЫҒЫ

1. Тоңазытқыш - 1 дана.
2. Шыңдалған шыныдан жасалған сөре -7 дана.
3. Мұздатқыш камера контейнері - 2 дана.
4. Тоңазытқыш камера контейнері - 2 дана.
5. Есік сөрелері -10 дана.
6. Жұмыртқа салатын ыдыс - 2 дана.
7. Ice Twist мұз генераторы - 1 дана.
8. Бөтелкелерге арналған сөре - 1 дана.
9. Гайка кілті -1 дана.
10. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық -1 дана

## ТОҢАЗЫТҚЫШ ҚҰРЫЛЫСЫ

1. LED шам
2. Мұздатқыш бөлімі
3. Тоңазытқыш бөлімі
4. Тоңазытқыш камера сөрелері
5. Мұздатқыш камера сөрелері
6. Тоңазытқыш камера есігінің сөрелері
7. Мұздатқыш камера есігінің сөрелері
8. Тоңазытқыш камера контейнерлері
9. Мұздатқыш камера контейнерлері
10. Ice Twist мұз генераторы
11. Реттелетін табандар
12. Бөтелкелерге арналған сөре



### 3. ТОҒАЗЫТҚЫШТЫ ТАСЫМАЛДАУ

Құралды тасымалдау немесе алып жүру кезінде оны астынан ұстаңыз және тік күйінде алып жүріңіз. Тоңазытқышты 45°-тан артық еңкейтуге болмайды. Ешқашан оны төңкеріп қоймаңыз. Құралды қырынан немесе шалқайтып қоймаңыз. Егер ол қырынан, шалқайтып немесе еңкейтіп қойылған болса, құралды тасымалдауға болмайды. Тасымалдау кезінде есігін тіреу ретінде пайдаланбаңыз. Бұл құралды істен шығаруы мүмкін. Тоңазытқыштың екі артқы табаны роликтермен жабдықталған. Асүйде жылжыту және құралды орнына дәл орнату үшін тоңазытқышты артқа қарай сәл қиғаштап, жылжытыңыз. Тоңазытқыштың алдыңғы екі табанының биіктігін реттеуге болады. Құралды дәл орналастыру үшін, алдыңғы табандарын солға немесе оңға құрал еденде қозғалмайтындай етіп бұраңыз.

Салқындатқыш агенттің тасымалданғаннан кейін дұрыс таралғанына сенімді болу үшін тоңазытқышты тасымалдағаннан және орнатқаннан кейін, оны электр желісіне қоспас бұрын үш сағаттай күтіңіз бұл тоңазытқыш дұрыс жұмыс жасауы үшін қажет.

### 4. ТОҒАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ

Дұрыс орнату тоңазытқыштың сенімді және тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет. Тоңазытқышты астынан ұстап көтеру қажет. Есігінен немесе тұтқасынан тартпаңыз.

#### ЖЕЛДЕТУ

Жұмыс барысында тоңазытқыштың компрессоры мен конденсаторы қызады, сондықтан құралды жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету қажет.

1. Тоңазытқыш ылғалдылығы қалыпты, жақсы желдетілетін үй-жайда орнатылуы тиіс. Тоңазытқышты ылғалдылығы жоғары үй-жайларда, мысалы, жуынатын бөлмелерде, жертелелерде орнатуға тыйым салынады.
2. Орнату кезінде ауа еркін айналып тұруы үшін құралдың жандарынан кем дегенде 3-5 см және үстінен 10 см саңылау қалуын қамтамасыз етіңіз. Құралдың артындағы ауа қозғалысын жауып тастамаңыз.
3. Жылу көздеріне жақын орналастырмаңыз.
4. Тоңазытқышты күн сәулесінің тікелей әсеріне ұрындыруға немесе жылу көздерінің жанында (ас үй плиталары, пештер, духовкалар, каминдер) орнатуға болмайды.

#### ТҮЗЕУЛЕУ

Тоңазытқыш тиімді жұмыс істеуі үшін оның тегіс еден бетіне орналасуы маңызды. Тоңазытқышты тиісті орнына орнатқаннан кейін, оның қажетті қалпын реттеу тіректерін бұрап реттеңіз. Тоңазытқыштың артқа қарай көлбеулігі 5°-тан аспауы тиіс.

#### ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛУ

Тоңазытқыш электр тогы соғудан қорғаудың 1 класты дәрежесі бойынша дайындалған және жерге қосқыш түйіспесі бар екі полюсті розетканың көмегімен электр желісіне қосылады. Электр желісіне қосар алдында келесілерге көз жеткізіңіз:

- желі кернеуі тоңазытқыштың артқы жағында арнайы тақтайшада көрсетілген деректерге сәйкес келетініне;
- электр розеткасының жерге қосқыш түйіспесі электр желісінің қуат беру кабелінің



жерге қосқыш сымымен жалғанған (жалғағыш сым 10 А кем емес токқа есептелуі тиіс);

- розетка мен аша бір типті болуы тиіс; егер аша розеткаға сәйкес келмесе, розетканы қуат беру бауының ашасына сәйкес келетініне ауыстыру керек (жұмыстарды білікті электрик орындауы тиіс).

Тоңазытқыш розеткаға өтетін жолды бөгемей орнатылуы тиіс. Осы нұсқаулықта баяндалған қуаты үлкен тұрмыстық құралдардың қауіпсіздік талаптарын бұза отырып қосылған тоңазытқыш қауіпті болуі мүмкін.

Орнатудың көрсетілген нормаларын бұзу салдарынан денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиян үшін өндіруші жауапты болмайды.

## 5. ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

### ҚОСАРДАН БҰРЫН

Тоңазытқышты электр желісіне орнатылғаннан кейін үш сағаттан соң қосу керек. Осылайша салқындатқыш агент тасымалдағаннан кейін тиісті түрде таралады -бұл тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет.

Тоңазытқышты пайдалануды бастамас бұрын оның ішкі беттерін ас содасының ерітіндісімен жуып шығу қажет.

Тоңазытқышты электр желісіне қосқаннан кейін бірнеше сағат өткен соң ғана оған өнімдерді қоюға болады.

Компрессор мен артқы қабырға арасындағы тасымалдауға арналған тірегіштерді, сондай-ақ құралдың жылжымалы бөліктерін ығысудан қорғайтын басқа тірегіштер мен желімді таспаларды алып тастаңыз.

Егер құралдың полимер қабықтан жасалған қорғаныш жабыны бар болса, оны тетіктердің лак-бояу немесе полимер жабынын зақымдамау үшін сақтық шараларын сақтай отырып, алып тастаңыз.

### ДИСПЛЕЙ

Дисплей тоңазытқыш бөлімі есігінің сыртқы жағында орналасқан.



1. Мұздатқыш камера температурасы
2. Тоңазытқыш камера температурасы
3. Мұздатқыш камера температурасын реттеу батырмасы
4. Режимді таңдау батырмасы
5. Тоңазытқыш камера температурасын реттеу батырмасы
6. Бұғаттау батырмасы

7. «Демалыс» режимінің белгішесі
8. Тез мұздату режимінің белгішесі
9. Тез салқындату режимінің белгішесі
10. Дисплейді бұғаттау белгішесі.

Қалыпты жұмыс кезінде дисплей тоңазытқыш және мұздатқыш камералардың ішіндегі ағымдағы жұмыс режимдері мен температурасын көрсетеді. Дисплеймен жүргізілген операциядан кейін немесе тоңазытқыштың есіктері жабылғаннан кейін дисплей 30 секундтан соң өшеді.

### **Тоңазытқыш камера температурасын орнату**


Тоңазыту камерасында қажетті температураны орнату үшін, панель бұғатталмағанына көз жеткізіңіз, содан кейін REF. TEMP. (5) батырмасын дисплейде қажетті мән пайда болғанша біртіндеп басыңыз. Тоңазытқыш камераның рұқсат етілген температураларының диапазоны 2-ден 8°C дейін.

### **Мұздатқыш камераның температурасын орнату**

Мұздатқыш камерада қажетті температураны орнату үшін FRZ. TEMP. (3) батырмасын дисплейде қажетті мән пайда болғанша біртіндеп басыңыз. Мұздатқыш камераның рұқсат етілген температураларының диапазоны -16-дан -24°C дейін.


### **Тез салқындату режимі**

Егер Сізге тоңазытқыш камерада өнімдерді тез салқындату қажет болса, тез салқындату режимін пайдаланыңыз.

Режимді іске қосу үшін MODE (4) батырмасын тез салқындату белгішесі () жанғанша баса беріңіз.


### **Тез мұздату режимі**

Егер Сізге мұздатқыш камерада өнімдерді тез мұздату қажет болса, тез мұздату режимін пайдаланыңыз.

Режимді іске қосу үшін MODE (4) батырмасын тез мұздату белгішесі () жанғанша баса беріңіз.

### **«Демалыс» режимі**



Бұл режим Сіздің ұзақ уақытқа созылатын сапарларыңыз кезінде (мысалы, демалыс кезінде) электр энергиясын үнемдеу үшін жасалған.

Режимді іске қосу үшін MODE (4) батырмасын «Демалыс» белгішесі () жанғанша баса беріңіз.

### **Бұғаттау режимі**

Дисплейді бұғаттау үшін LOCK/UNLOCK батырмасын басып, оны

3 секунд ұстап тұрыңыз.

Бұғаттау режимінің белгішесі () жанғанда, барлық басқару функциялары бұғатталады. Дисплейді бұғаттан шығару үшін, LOCK/UNLOCK (6) батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз. Бұғаттау режимінің белгішесі () өшкенде, барлық басқару функциялары бұғаттан шығарылады.

## **6. ҚҰРАЛДЫ ТАЗАЛАУ**

1. Тоңазытқышты тазалау немесе техникалық қызмет көрсету кезінде ең алдымен розеткадан ашаны суырып, оны токтан ажыратыңыз. Камерадағы тамақ өнімдерін шығарыңыз. Бейтарап жуғыш құралдарды пайдаланыңыз. Ешқашан

- ұнтақты абразивті заттарды, сілтілі құрамдарды, органикалық қышқылдар мен ыстық суды қолданбаңыз, бұл лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін. Үшкір немесе металл заттарды пайдаланбаңыз, бұл тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.
- Есік тығыздағыш тез ластанады, оны жиі жуып тұру керек.
  - Тоңазытқышты пайдалануда ұзақ уақыт үзіліс болған жағдайда, розеткадан ашаны суырып, тоңазытқыш ішін ерітіңіз, жуыңыз және әбден құрғатып сүртіңіз.

## 7. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Тоңазытқыш дұрыс жұмыс істемесе немесе жұмысында ақау пайда болған жағдайда, авторизацияланған сервис орталығына жүгінбес бұрын осы бөлімді оқып шығыңыз. Кейбір жағдайларда сіз туындаған мәселелерді өз бетіңізбен жоя аласыз.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**Бұл тоңазытқышта қоршаған орта үшін іс жүзінде қауіпсіз, бірақ жанғыш газ болып табылатын аз мөлшерде R600a салқындатқыш агенті бар, Салқындатқыш агент ағып кеткен жағдайда, көзді тітіркендіруі немесе тұтануы мүмкін.**

Мәселе	Себебі
Компрессор жұмысының ұзаққа созылуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Компрессор жазда, сыртқы орта температурасы жоғары болған кезде ұзағырақ жұмыс істейді;</li> <li>Мұздатқыш камераға бір уақытта тым көп өнім салынған;</li> <li>Тоңазытқышта ыстық өнімдер бар;</li> <li>Тоңазытқыштың есіктерін жиі ашу;</li> <li>Есік дұрыс жабылмайды.</li> </ul>
Иісі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Иісі өткір өнімдерді тығыз орау керек;</li> <li>Азық-түліктердің ескірмегенін тексеріңіз.</li> </ul>
Жұмыс істемейді	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тоңазытқыш қуат көзіне қосылмаған немесе жалғанбаған;</li> <li>Кернеуі төмен;</li> <li>Қуаттың немесе тұйықтау тізбегінің тоқтап қалуы.</li> </ul>
LED-шам жұмыс істемейді	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тоңазытқыш қуат көзіне қосылмаған немесе жалғанбаған;</li> <li>LED-шам бүлінген</li> </ul>
Тоңазытқыш есігі дұрыс жабылмайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тоңазытқышта немесе есік сөрелерінде өнім тым көп;</li> <li>Тоңазытқыш еңкіш тұр.</li> </ul>

Шуыл	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Тоңазытқыштың асты тегіс емес;</li> <li>– Тетіктері дұрыс орнатылмаған;</li> <li>– Тоңазытқыш басқа заттарға тиіп тұр (мысалы, айналасындағы жиһазға);</li> <li>– Термореттегіш пен компрессордың дыбыстары</li> <li>– құралдың электр жабдықтары жұмыс істеп тұрған кезде</li> <li>– пайда болатын өздеріне тән дыбыстары болып табылады.</li> </ul>
------	--

- Тоңазытқыштың корпусы жұмыс кезінде, әсіресе жаз мезгілінде жылу бөлуі мүмкін. Бұл қалыпты жайт, ақауы емес.
- Мұздатқыш камераның сыртқы бетінде және есігінің тығыздағыштарында сыртқы ортаның жоғары ылғалдылығы кезінде конденсат түзілуі мүмкін, бұл қалыпты жайт. Конденсатты құрғақ сүлгімен сүртіп алыңыз.
- Дыбыс жұмыс істеп тұрған компрессордан шығуы мүмкін, әсіресе құрал қосылған немесе айырылған кезде.

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ БОЙЫНША ҰСЫНБАЛАР

- Есігін жауып қойыңыз. Есіктерін тек қажет болған жағдайда ғана ашыңыз, есік ашылған сайын тоңазытқыштың ішіндегі температура біршама көтерілетінін және бұрынғы температураны қалпына келтіруге электр энергиясы жұмсалатынын есте сақтаңыз.
- Тоңазытқышқа тамақты тым көп салмаңыз. Өнімдерді дұрыс сақтау үшін
- ауа циркуляциясы жеткілікті болуы тиіс. Тым көп салынған азық-түлік ауаның еркін айналуына, тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі туғызып, электр энергиясының қосымша шығынын тудырады.
- Ыстық тамақты қоймаңыз. Тоңазытқышқа салынған ыстық өнімдер
- оның температурасын дереу бірнеше градусқа көтереді. Азық-түлік пен ыдыстарды бөлме температурасына дейін суытып, тоңазытқышқа қойыңыз.
- Тоңазытқышты дұрыс орнатыңыз. **ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ** тармағының ұсынбаларына сәйкес, жақсы желдетілетін үй-жайда, жылу көздерінен жеткілікті қашықтықта орнатылуы тиіс.
- Құрал үй-жайдың ең салқын бөлігінде болуы тиіс,
- жылу бөлетін аспаптардан немесе жылу құбырынан алшақ, сондай-ақ тікелей түсетін күн көзінен аулақ орнатылуы тиіс.
- Өнімдер тығыз оралғанына көз жеткізіңіз, тоңазытқышқа қоймас бұрын
- контейнерлерді мұқият құрғатып сүртіңіз.
- Желдеткіш саңылауларды алюминий фольгамен, қағазбен және т.б. жаппаңыз, ауаның циркуляциясына кедергі келтірілсе, бұл құрылғының жұмысының тиімділігін төмендетеді.
- Температураны дұрыс орнатыңыз. Термореттегішті орташа қалыпта орнатыңыз. Тым төмен температура орнатылса, бұл электр энергиясының шығысын арттырады, алайда өнімдердің сақталуын жақсартпайды.
- Тоңазытқыш есігіндегі тығыздағыш резеңке таза болуын және жапқан кезде корпуспен тығыз қабысуын қадағалаңыз, бұл суық ауаның ағып кетуіне жол бермейді.

## 8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Моделі		СТ-1751
Климаттық класы		SN/N/ST
Көлемі: толық / тоңазытқыш / мұздатқыш		510 л/335 л/175 л
Кернеуі		220 - 240 В
Номиналды жиілігі		50 Гц
Қуаттылығы		130 Вт
Ток		1.0 А
Шу деңгейі		43 дБ
Электр энергиясын тұтынуы		1.11 кВт/24 сағ
Энергия тұтыну класы		A+
Мұздатқыш камераның өнімділігі		9 кг/24 сағ
Салқындатқыш агент		R600a, 70 г
LED жарықтандыру шамының қуаты		5 Вт
Таза салмағы		90 кг
Габариті, мм	ені	895
	тереңдігі	745
	биіктігі	1788

## 9. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ҚҰРАЛДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Құралдың өзі, қаптамасы қайта пайдалануға болатын материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, кәдеге жарату кезінде оларды қайта пайдаланылатын материалдарға арналған контейнерге салыңыз.

### ҚҰРАЛДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құрал кәдімгі тұрмыстық қоқыстардан бөлек кәдеге жаратылуы тиіс. Оны қайта өңдеу үшін электронды құралдар мен электр құралдарын қабылдайтын арнайы орындарға тапсыруға болады. Материалдар жіктемесіне сәйкес қайта өңделеді. Бұл құралдың қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін қайта өңдеуге тапсырсаңыз, қоршаған ортаны қорғау ісіне үлкен үлес қосасыз. Электронды құралдар мен электр құралдарын қайта өңдеуге қабылдау орындарының тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан алуыңызға болады.

## 10. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІКТІК

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» заңына сәйкес сертификатталған. Бұл аспап Ресей Федерациясындағы электр аспаптарына қолданылатын ресми ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

Ресей Федерациясының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» заңының 5-бабы, 2-тарауына сай осы бұйымның Шығарушының бекіткен қолданылу мерзімі тұтынушыға сатылған күннен бастап 10 жылды құрайды. Бұл ретте тұтынушы бұйымды осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес қатаң пайдалану керек. Бұйымның шығарылған күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 белгілер – шығарылған жылы, 4 және 5 белгілер – айы). Сериялық номер аспаптың корпусында орналасқан. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалануға байланысты ұсыныстар алу үшін, жақын жердегі авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз. Кепілдіктік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді Краснодар қ., «Ларина-Сервис» ЖШҚ-ның.

Тел: +7 (861) 991-05-42 бас сервистік орталығы жүзеге асырады.

Сіздің қалаңызда сервистік орталықтың бар екендігін көрсетілген телефон немесе [www.centek.ru](http://www.centek.ru) сайты арқылы біле аласыз.

Өнімнің 16.07.2018 жылғы № TC RU C-SG.ЫЖ01.В.00210 сәйкес сертификаты бар.



Өнім сертификатталған және талап етілетін барлық және ресейлік стандарттарға сай

## 11. ӨНДІРУШІ, ИМПОРТТАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**РФ аумағына импорттаушы:** «Ларина-Электроникс» ЖШҚ.

**Мекенжайы:** Ресей, 350080, Краснодар қ., Демус көш., 14 Тел 8 (861) 2-600-900.

## ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

Кепілдік мерзімі құрылғы үшін 36 ай және компрессор үшін сатылған күннен бастап соңғы пайдаланушыға дейін 60 ай. Шығарушы осы кепілдік талонымен берілген аспаптың ақаусыздығын растайды және шығарушының кінәсінен болған барлық ақаулықтарды тегін жоюға байланысты міндеттемелерді өзіне алады. Кепілдіктік жөндеуді «Ларина-Сервис» ЖШҚ-ының Краснодар қ. Демус к-сі, 14 мекенжайында орналасқан авторландырылған сервистік орталығында жүргізілуі мүмкін. Тел.: 8 (861) 991-05-42.

## КЕПІЛДІКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

1. Кепілдік келесідей шарттарды орындаған жағдайда қолданылады:

- үлгі атауы, оның сериялық нөмірі, сатылған күні көрсетіліп, болған жағдайда сатушы фирманың мөрі және кепілдік талонындағы сатушы фирманың өкілдерінің қолдары, әрбір үзік талонында мөрлер, сатып алушының қолы қойылып, шығарушының түпнұсқалық кепілдік талоны дұрыс және анық толтырылған.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған немесе ондағы ақпараттар толық емес, түсініксіз, шындыққа қайшы келетін жағдайда, шығарушы кепілдіктік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

2. Кепілдік келесідей пайдалану жағдайларын сақтаған кезде қолданылады:

- аспапты пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес қолдану;
- қауіпсіздік қағидалары мен талаптарын сақтау.

3. Кепілдікке аспапқа, иесінің үйінде мерзімді қызмет көрсету, оны тазалау, орнату, дәлдеу кірмейді.

4. Кепілдіктің қолданылмайтын жағдайлары:

- механикалық бұзылулар;
- аспаптың табиғи тозуы;
- пайдалану шарттарын сақтамау немесе иесінің қате әрекеттері;
- дұрыс орнатпау, тасымалдамау;
- апаттық жағдайлар (найзағай, өрт, су тасқыны және т.с.), сондай-ақ сатушы мен шығарушының бақылауынан тыс болатын себептер;
- аспаптың ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтың, жәндіктердің түсуі;
- өкілетті емес тұлғалардың жөндеу жасауы немесе құрылыстық өзгерістер жасауы;
- аспапты кәсіби мақсаттарда пайдалану (жүктеме тұрмыстық қолданудың деңгейінен асып кетеді), аспапты Мемлекеттік техникалық стандарттарға сәйкес келмейтін қуат беруші телекоммуникациялық және кабельдік желілерге қосу;
- бұйымның төменде көрсетілген құрал-жабдықтарының істен шығуы (егер ауыстырылуы құрылысымен қарастырылған және бұйымды бөлшектеуге қатысы болмаса):

а) қашықтан басқару тетігі, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері (батареялар), сыртқы қуат беру блоктары және зарядтау құрылғылары.

б) шығыс материалдары мен керек-жарақтар (қаптама, қаптар, белбеулер, сөмкелер, торқапшықтар, пышқтар, колбалар, тәрелкелер, торлар, шанышқылар, құбыршектер, түтіктер, щеткалар, саптамалар, шаңжинағыштар, сүзгілер, иіс жұтқыштар).

- батареялармен жұмыс жасайтын аспаптар үшін – сәйкес келмейтін немесе біткен батареялармен жұмыс;

- аккумуляторлық батареялармен жұмыс істейтін аспаптар үшін – аккумуляторларды зарядтау қағидаларын бұзуымен орын алған кез келген бұзылулар.

5. Шығарушы осы кепілдікті қолданыстағы заңнамамен белгіленген тұтынушының құқықтарына қосымша береді және ешқандай жағдайда ол құқықтарды шектемейді.

6. Егер бұйымды пайдалану, орнату қағидалары мен шарттарын сақтамаудың нәтижесінде, тұтынушылардың және/немесе өзге де үшінші тұлғалардың қасақана әрекетінен (әрекетсіздігінен), бой бермейтін күштің салдарынан CENTEK ТМ өнімі адамдарға, үй жануарларына, тұтынушының және/немесе өзге үшінші тұлғаның мүлкіне тікелей немесе келтірілген ықтимал зиян келтірілсе, Шығарушы ол үшін жауапкершілік алмайды.

7. Сервистік орталыққа жүгінген кезде, бұйым тек таза күйінде қабылданады (аспапта тамақтың қалдықтары, шаң немесе басқа ластар болмау керек).

### **Шығарушы алдын ала хабарламасыз аспаптың дизайнына және сипаттамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.**

Осы бұйымның қызмет ету мерзімі бұйым пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға дәл сәйкестікте қолданылған жағдайда соңғы тұтынушыға сатқан күннен бастап 10 жылды құрайды. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалануға байланысты ұсыныстар алу үшін жақын жердегі авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Бұйымның шығарылған күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 белгілер – шығарылған жылы, 4 және 5 белгілер – айы). Сериялық номер аспаптың корпусында орналасқан.









[WWW.CENTEK.RU](http://WWW.CENTEK.RU)